

Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Әйтеке би аудандық білім бөлімінің сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Т.Жүргенов ауылы

2025 жылғы 11 маусым

Әйтеке би аудандық білім бөлімінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бөлім басшысының 2025 жылғы 22 сәуірдегі №229 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылдың қаңтар-маусым аралығы.

Талданатын нысан туралы мәлімет:

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов ауылы, Т.Жүргенов көшесі №73 үй, 2 қабат.

Талдау нысаны: Әйтеке би аудандық білім бөлімі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Білім бөлімінің қызметіне ықпал ететін ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің құрлымдық бөлімшелері білім бөлімінің құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуіге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру міндетті болып табылады.

Білім бөлімі өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президенті және Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, облыс, аудан әкімдігінің Қаулыларына, шешімдеріне, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесіне, басқарма басшысының бұйрықтарына, басқарманың ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

I. Аудандық білім бөлімінің Қамқоршылық және қорғаншылық саласы бойынша.

Әйтеке би ауданы білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық саласы жөнінде 2025 жылы Барлығы-28 мемлекеттік қызмет көрсетіп, аталған қызметтің барлығы уақытылы орындалды. Оның ішінде он жасқа толған бала пікірі-3, Кәмелетке толмағандардың мүлкіне иелік ету-7, қамқоршылық

тағайындау-1, жәрдем ақы тағайындау-1, қамқоршылық және қорғаншылық жөнінде анықтама беру-2.

Аудан бойынша қамқоршылықта 28 бала есепте тұр. Аталаған балаларды барлығына, баланы күтіп бағуға арналған 24 бала бойынша 12 қамқоршыға жәрдем ақы уақытылы төленуіде. Қамқоршылардың уақытылы есебін тапсыруларын бақылап отырады.

Бас маман өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР-ның заңдарымен, Қазақстан Республикасының Президентінің және Үкіметінің актілері, басқа да құқықтық нормативтік актілері негізінде атқарады. Функционалдық міндеттеріне қарай бөлімге келіп түскен құжаттарды уақытылы орындалуда.

Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметі келесі мәселелерді қамтиды:

- 1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) Бақылау функцияларын іске асыру;
- 4) Бөлімге келіп түскен арыз-шағымдар туралы.

II. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы

2025 жыл бойынша штат саны-4, мемлекеттік қызметшілерде ауысу болған жоқ. Әдістемелік кабинет бойынша штат саны-12.

Орталықтандырылған бухгалтерияда штат саны 24,5. Өз арызымен жұмыстан босатылған болған жоқ.

Негіздеме: талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылыққа тартылу фактілері орын алған жоқ.

III. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Есепті кезеңде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

IV. БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Бөлімде бақылау функциясы жоқ.

V. КЕЛІП ТҮСКЕН АРЫЗ-ШАҒЫМДАР ТУРАЛЫ

Бөлімге 2025 жылы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес барлығы 84 жолданым түскен. Жолданымдар уақытылы қаралып, жауап берілді.

«Сенім телефоны» іске қосылып, оған түскен шағымдар есебі жүргізіледі. Сонымен қатар білім басқармасының сайтында басшының блогы бар, оған аудан азаматтары хат жаза алады.

Талдамалық анықтаманы қарау үшін бөлім басшысына ұсынылады.

Әйтеке би аудандық аудандық
білім бөлімінің басшысы:



С.Б.Биртаева

Әйтеке би аудандық аудандық
білім бөлімінің бас маманы:



А.Т.Саметеев

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің
сектор меңгерушісі;




С.Р.Бекенбаева

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің
бас маманы;



Т.К.Тулегенова

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің
бас есепшісі;



К.Кыдыралина